

Елбасының халыққа арнаған «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауын республиканың әр аймағына насихаттау мақсатында Үкімет мүшелері өңір-өңірлерге бағыттаған сапарларын бастап та кетті. Өткен аптаның соңына қарай Оңтүстікке осындай мақсатпен ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов келді.



# МЕМЛЕКЕТТІҢ БІЛІМ САЛАСЫНА ДЕГЕН НАЗАРЫ ЕРЕКШЕ

Облыстық филармонияда өткен бұл жиынды облыс әкімі Асқар Мырзахметов жүргізіп отырды. Содан соң еліміздің бас мұғалімі мінберге шығып баяндама жасады. Ол өз сөзін ең алдымен былтырғы жылы елдің жеткен жетістіктерінен бастады.

– Өткен жыл Қазақстан елі үшін айтулы оқиға орын алған ерекше жыл болды. Яғни, елімізде әлемнің беделді елдерінен келген қонақтардың қатысуымен Саммит өтті. Сондай-ақ, үстіміздегі жыл спорт саласында үлпен жеңіспен басталды деп айтуға болады. Ақ Азиада ойындарында жалпыұлттық команда бойынша қазақстандықтардың алдыңғы шептен көрінуі де ел үшін елеулі оқиға. Тәуелсіздік алған жылдары Қазақстанда 750 мектеп, 35 бала бақша мен 1534-ке жуық шағын орталық жаңадан ашылған.

ласына тоқталсақ. Жыл сайын бұл салаға деген ерекше назардың арқасында бөлінетін қаржы көлемі де арту үстінде. Нәтижесінде білім беру жүйесі оңтайландырылып, елдегі мектептер мен мектепке дейінгі бала бақшалардың саны артуда, – деді ол. Бұдан өзге жиында 2015 жылға дейін елде оқытудың 12 жылдық моделіне толықтай көшу жайы мен оның тиімділіктері және де білім ордаларында ұстаздыққа жүрген оқытушылардың кәсіби біліктігі туралы өңгіме қозғалды. Үстіміздегі жылдың 1-шілдесінен бастап педагогтардың жалақысы 30 пайызға көбеймек. Одан өзге жақында ғана 2011 жылдың бюджеті нақтыланған кезде қыркүйек айынан бастап мұғалімдердің категорияларына төлетін қосымша үстеме ақы

орындарына Астанадан белгілі бір тұлғалардың билік жүргізгендігін айтып, дегенмен тексеру нәтижесінде осыған қарамастан оқу орындарының сапалы білім беруге сай еместігі анықталса, ол білім ошақтары жұмысын тоқтататынын да ашық айтты. Жалпы айтқанда

Келесі күні бас мұғалім облыс орталығы Шымкент қаласындағы бірқатар оқу орындарын аралады. Нақтырағы, елдегі жоғары оқу орындарының үздіктер қатарына кіретін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің мәжіліс залында жас-



Олардың басым көпшілігі Оңтүстік өңірінде бой көтерген. Жалпы Елбасының жыл сайынғы Жолдауында әсіресе, әлеуметтік мәселелерге жіті көңіл аударылып, жылдан-жылға қарай ол мәселелер оң шешімін тауып келе жатқанын көріп келеміз. Мәселен, білім са-

да бірнеше пайызға артпақ. Сондай-ақ, елдің бас педагогы Бақытжан Тұрсынұлы соңғы 15-20 жылда педагогтардың мәртебесі түсіп кеткенін, соның салдарынан мектеп оқушыларының білім деңгейі төмендігін, елдегі әрбір саны бар сапасыз жоғары оқу

пына алғысын жеткізді. Сонымен арнайы сапармен өңірімізге келген министр осы күні Түркістан қаласына да ат басын бұрып, ол жақтың оқушыларымен, студенттерімен арнайы кездесіп, жастарды сапалы білім алып, білікті маман болуға шақырды.

Оңтүстікке келген министр білімге қатысты бірқатар мәселелердің бетін ашып, жетістіктерді де жұртшылықпен бөлісті. Сөйтіп жиынды қорытындылаған облыс әкімі А.Мырзахметов Оңтүстіктік өңірінің жалпы педагог пен ата-аналарының атынан мемлекет тарапына алғысын жеткізді. Содан соң университет ғимаратын аралап шығып, ондағы заманауи талапқа сай жабдықтармен жіті танысты. Білім және ғылым министрі Оңтүстік Қазақстан облыстық политехникалық колледжіне де арнайы барды. Есептеу математикасы және мұнай газ саласында практикалық және гидродинамикалық міндеттерді шешу барысында түрлі әдістерді өзгәжірибесінен өткере білетін министр колледждің осы саласына ерекше назар аударып, жалпы облыстың бүгінгі білім саласының ахуалына оң бағасын берді. Содан соң елдің ертеңгі тұтқасын ұстайтын жастарға тек сәттілік тіледі. Ал мұндағы білім алушылар бас мұғалімге өздері жасаған оюлы шахматты табые етіп, алғыстарын жаудырды.

**Ж. ӘДІЛБЕК**  
Суреттерді түсірген  
Х.АЗИЗОВ.